

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

31 қаңтар 2017 жыл

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) 2016 жылдағы өз қызметінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды.

- 2016–2018 жылдарға KASE дамуының жаңа Стратегиясы қабылданды.
- Сауда-саттықтың жалпы көлемі – 94,5 трлн теңгенің баламасы.
- KASE Индексі бір жылда 58 %-ға 1 357,87 нүктеге дейін өсті. Соңғы алты жылдағы ең үлкен өсім.
- Акциялар нарығының капитализациясы 2017 жылдың 01 қаңтарына 14,3 трлн теңгеге жетіп, бір жылда 15 %-ға өсті.
- Орталық депозитарийдің жеке шоттарды есепке алу жүйесіндегі 2017 жылдың 01 қаңтарына жеке тұлғалардың шоттарының саны 105 319 жетті, бір жылда 3 587 шотқа артты.
- Қазақстан қор биржасында "Ақтөбе металлды конструкциялар зауыты" АҚ IPO өткізіліп, соның шегінде компания 800 млн теңге тартты. Жалпы сұраным 2 975,3 млн теңгеге жетіп, ұсынымнан 3,7 есеге артты. 2017 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша акцияның бағасы 26,7 %-ға өсіп, бір акцияға 14 165,7 теңгені құрады (сатып алушы үшін орналастыру бағасына кірістілігі – жылдық 60,2 %).
- "ПАВЛОДАРЭНЕРГО" АҚ, "СЕВКАЗЭНЕРГО" АҚ және "Исткомтранс" ЖШС коммерциялық (қысқа мерзімді) облигацияларының бірінші шығарылымдары орналастырылды. Оларды KASE арқылы сату нәтижесінде 1,8 млрд теңге тартылды.
- KASE ребрендингі жүзеге асырылды.
- KASE өзінің жаңа интернет-сайтының бастапқы бета-нұсқасын іске қосып, TradingView Inc бірлескен брендингі туралы жариялады.

### **Биржалық нарықтың негізгі көрсеткіштері**

2016 жылы KASE нарығы екі негізгі конъюнктуралық факторлардың ықпалымен дамыды:

- әлемдік нарықтағы мұнайдың бағасының өсуі, ресейлік рубльдің долларға қатыстынығаюуы, соның ықпалымен теңге бағамының айтарлықтай жылжуы;
- ақпан айының басында ақша-несиелік саясаттың шегінде ақша нарығында тенденцияны еңсере алған және банктерге теңгелік өтімділіктен базалық мөлшерлемесі корридорының төменгі шегінде нарықтың стерилизациясына ауысуға мүмкіндік берген, Ұлттық Банктің әрекеттері.

Валюталық нарықтағы спекуляциялар тартымдылығынан айырылды. Нарыққа қатысушылар мен тұрғындар шетел валютасындағы жайғасымдарын қысқарта бастады және теңге мен теңгелік қаржы құралдарына артықшылық бере бастады. Инфляцияны төмендету үшін артық теңгелік масса Ұлттық Банктің ноталарымен байланыстырылды, олардың айналыстағы көлемдері бара-бара өсіп, ал кірістілігі төмендеген. Бұл реттеушіге базалық мөлшерлемені жыл барысында 25 %-ға жылдық 12,0 дейін төмендетуге мүмкіндік берді, жылдық көрсетілімде инфляция 40 %-ға 8,7 %-ға дейін төмендеп, ал теңгемен қысқа қорландыру құны ашық нарықта 87 %-ға 10,55 %-ға дейін құлады.

Сипатталған конъюнктуралық ортада биржалық сауда-саттықтардың 2016 жылдағы жиынтық көлемі 94,6 трлн теңгеге жетіп, өткен жылдың нәтижесінен 2,6 трлн теңгеге немесе 2,8 % артты. Теңгелік көрсетілімде бұл көрсеткіш осыға дейін осынша жоғары болған жоқ, бірақ долларлық көрсетілімде өткен жылдың нәтижесінен 35,7 % төмен болды.

Сауда-саттық көлемінен негізгі үлесін қосқан репо операцияларының секторы болды, ал ең көп төмендеу валюталық своп секторында болды.

### **Акциялар нарығы**

Акциялар нарығының капитализациясы есептік жылдың басынан бастап а 1 889,1 млрд теңгеге немесе 15,3 % өсіп, 14,3 трлн теңгеге жетті. Бұл көрсеткіштің өсуі биржада саудаланатын акциялар құнының өсуі есебінен болды. Бірақ, қолжетімді үлестік қаржы құралдарының саны ұлғаюы да ықпалын тигізді. Өткен кезеңде KASE тізімдеріне 18 атаудағы акциялар енгізілді: "Scipio" АҚ, "Банк ВТБ" КАҚ, "AsiaCredit Bank" АҚ, "Уралкалий" КАҚ, "KM GOLD" АҚ, "Сбербанк России" КАҚ, "Ақтөбе металлды конструкциялар зауыты" АҚ, "Ростелеком" КАҚ, "AltyntauKokshetau" АҚ, "Магнит" КАҚ, "Қаражыра" АҚ, "Газпром" КАҚ, "Иртыш-Полиметалл" АҚ, "Аэрофлот" КАҚ, "Теміртау электрометаллургиялық комбинаты" АҚ, "АлатауМұнайАлтын" АҚ, "Estate Management Company" АҚ, "ФридомФинанс" АҚ. Тізімнен тек бес атаудағы акциялар шығарылды.

2016 жылдың аяғында Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 102 эмитенттің 120 атаудағы акциялары болды.

2016 жылы акциялар сауда-саттығының көлемі 250,2 млрд теңгеге (баламасы 744,1 млн АҚШ доллары) жетіп, 2015 жылмен салыстырғанда 72,2 % төмендеді. Алайда, 2015 жылда "ҚазМұнайГаз" АҚ акцияларымен ерекше шарттармен жасалған ірі мәмілені қоспағанда, сауда-саттық көлемі 67 % өсті. Бұл ретте 2013 жылдан бастап акциялар сауда-саттығының бірте-бірте өсімі анық байқалады.

2016 жылдағы акциялар нарығындағы маңызды өзгерісі нарық өтімділігі көрсеткішінің өсімі болды. KASE қайталама нарығындағы орташа бір күндік көлем 1,0 млрд теңгеге жетті, орташа бір күндік мәмілелердің саны 234 дейін өсті. Мұндағы айта кететіні, Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке тұлғалардың ашқан шоттарының саны тарихи максимумға жетті. Бұл көрсеткіш 2017 жылдың 01 қаңтарында 105 319 жетіп, бір жылда 3 587 шотқа артты.

**Есептік жылдағы KASE Индексінің өсімі 499,1 нүктені 58,1 % құрады.** Жылдың басында индекс азаймалы трендте болып, 21 қаңтарда түбіне (799,3 нүктеге) жетті. Валюталық және ақша нарықтарының тұрақтануы, сондай-ақ KASE Индексінің өкілетті тізіміне кіретін, акциялардың кем бағалануы тұсында, кейінгі динамика көбінесе оң болды. Индекстің максималды мәні– 1 365,8 нүкте 11 қарашада тіркелді.

KASE Индексінің басты өсу драйвері KAZ Minerals PLC акциялары болды, олардың құны 219,5 %-ға немесе 1 038,7 теңгеге өсіп бір акцияға 1 512,0 теңгені құрады. Олардың өсуіне тауарлы нарықтың макроэкономикалық конъюнктурасының жақсаруы, сондай-ақ 2016 жылдағы қызметтің жағымды өндірістік және қаржылық нәтижелері ықпал етті. Екінші орында "КазТрансОйл" АҚ акциялары болды, олардың құны 61,3 %-ға немесе 465,9 теңгеге өсіп, бір акцияға 1 226,3 теңгені құрады. Үшінші орында – "KEGOC" АҚ, акциялардың құны 58,2 % немесе 431,4 теңгеге қымбаттап, бір акцияның құны 1 173,0 теңгеге жетті. Бұл үш қаржы құралының құнының өсуі, қызметтің жағымды нәтижелеру туралы жарияланымдар және инвесторлардың теңгелік қаржы құралдарына қызығушылығы тұсында, ұлттық валютаның АҚШ долларына бағамының нығаюы нәтижесінде болып отыр.

Bloomberg агенттігінің мәліметтері бойынша 2016 жылы Қазақстан акциялар нарығы индексінің өсуі бойынша әлемде Бразилия мен Перудан кейін үшінші орын алды. Бұл елдерді біріктіретіні экономиканың шикізат шығаруға бағытталуы және өткізілген ұлттық валютаның девальвациясы болды, сондықтан инвесторлар локальды нарықта айналыста жүрген акцияларға елеулі қызығушылық танытты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша (арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар мен ірі мәмілелерді қоспағанда) KASE акциялар нарығында ең белсенді жеке тұлғалар болды, олардың мәмілелердің жалпы көлеміндегі үлесі 49 % құрады. Акциялар нарығындағы жалпы айналымынан брокерлер-дилерлердің жеке шоттары 31 %, брокерлер-дилерлердің клиенттік шоттарының еншісінде – 16,5 %, БЖЗҚ – 0,2 %, ЕДБ – 3,2 % болды. Резидент еместердің үлесі 6,3 % құрады.

### **Корпоративтік облигациялардың нарығы**

Қазақстан қор биржасындағы корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі 507,4 млрд теңгені (баламасы 1 607,8 млн АҚШ доллары) құрап, 2015 жылмен салыстырғанда 58,7 %

азайды. Белсенділіктің бәсеңдеуі негізінен бастапқы нарықта байқалды, мұнда ақшалар, Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеменің рөлін күшейтуіне байланысты, едәуір қымбаттады. Банктер – корпоративтік облигациялардың Қазақстандағы дәстүрлі эмитенті үшін – қорландырудың жаңа құны өте жоғары болып, ал нақты сектордың компаниялары, жаңа жағдайларға бірте-бірте үйренісе келе, нарыққа жылдың екінші жартысында ғана шыға бастады.

Барлығы 2016 жылы 10 эмитенттің облигациялары KASE-де орналастырылды (2015 жылы – 18). Тартудың жиынтық көлемі 424,4 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы жылдың көрсеткішінен екі есе төмен. Орналастырулардағы ең үлкен үлек "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ (50,1 %), "ҚазАгро" Ұлттық басқару холдингі" АҚ (16,5 %), "Қазақстантеміржолы" Ұлттық компаниясы" АҚ (11,8 %) және "KEGOC" АҚ (11,6 %) еншісінде болды.

Мемлекеттік институттардың қатысуымен орналастырулар 2016 жылдың екінші жартысында нарықтық мөлшерлемелерге жақын мөлшерлемелермен өткізілгенін айта кету керек, ал жеке меншік құрылымдарға бағытталған эмитенттердің саны ұлғайды. Бұл жерде, қаржылық кеңесшімен инвесторлардың шектелмеген саны арасында орналастыруға маркетинг жүргізілген, "ҚазАгроҚаржы" АҚ 8 млрд теңгеге бес жылға жылдық 15 %-бен орналастыруы, сондай-ақ, "СЕВКАЗЭНЕРГО" АҚ, "ПАВЛОДАРЭНЕРГО" АҚ және "Исткомтранс" АҚ қысқа мерзімді коммерциялық облигацияларының жалпы сомасы 1,8 млрд теңгеге жылдық 13,2–14,0 % орналастырылуы ерекшеленеді.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі есептік жылда 133,6 млрд теңгеге немесе 61,7 % төмендеп, 83 млрд теңгеден аспады. Қайталама нарықта ең үлкен үлес "Қазақстандық Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы" АҚ (KZIKb26) – 14,0 %, "AsiaCreditBank" АҚ (LARIb6) – 13,8 % және "ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ (KTGAb2) – 9,4 % еншісінде болды. Ең өтімді "Банк ЦентрКредит" АҚ (CCBNe3), "Казкоммерцбанк" АҚ (BTASe16) және "АТФБанк" АҚ (ATFBe5) халықаралық облигациялары болды.

KASE\_BY Индексі (корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі) 2016 жылдың басынан бастап 142 базистік нүсктеге жылдық 10,0 % дейін төмендеді. Есептік жылдың соңында KASE тізімдеріне 66 эмитенттің 272 атаудағы облигациясы енгізілген.

2016 жылы листинг процедурасынан облигациялардың 27 шығарылымы өтті. Көбіне банктік сектор эмитенттерінің 37 атаудағы облигациялары айналыста болу мерзімі аяқталуына байланысты шығарылды, ал "Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1" ЖШС бағалы қағаздары KASE ресми тізімінен эмитенттің бастамасымен шығарылды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигациялардың нарығында сауда-саттық көлемінің 3 % ожеке тұлғалардың, 31,7 % – брокерлік және дилерлік компаниялардың клиенттерінің, 38,3 % – БЖЗҚ, 1,7 % – брокерлер-дилерлердің меншікті шоттарының, 25,3 % екінші деңгейдегі банктердің еншісінде болды. Резидент еместердің сауда-саттық көлеміндегі үлесі 0,5 %-дан аспады.

### **МБҚ нарығы**

МБҚ биржалық сауда-саттық көлемі есептік жылда 30 % өсті. Бұл өсім, тәуекелсіз кірістілік қисығын құру және, нарыққа доллардың орнына келіп түсіп жатқан, теңгеден нарықты стерилизациялау үшін өзінің бағалы қағаздарын қолданған, Ұлттық Банктің активизациясы есебінен болды.

Бастапқы нарықтағы орналастырудың көлемі 2016 жылы 48 %-ға 218,2 млрд теңгеге дейін азайды, оның 180 млрд Қаржы министрлігінің ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері, ал 38,2 млрд – жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын орналастыру болды.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 8,2 млрд теңгеден 337,7 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл өсімге Ұлттық Банктің Биржадан тыс қысқа мерзімді ноталарды шығаруы және осы облигацияларды KASE-де орналастыруы себеп болды. KASE сауда-саттық жүйесінде Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары сауда-саттығының жиынтық көлемі есепті жылда 317,6 млрд теңгеге жетіп, жалпы МБҚ қайталама нарығының айналымының 94,1 % құрады. МБҚ қайталама нарығының активизациясына Ұлттық Банктің 2016 жылдың соңында KASE сауда-саттық жүйесінде, тәуекелсіз кірістілік қисығын ноталардан ұзағырақ мерзімге, өз қоржынынан МЕУКАМ сату бойынша 20 аукцион өткізуі ықпал етті. Осы операциялар бойынша жиынтық көлем 18,1 млрд теңге болды, әдеттегідей, сұраным ұсынымнан бірнеше рет асып түсті.

МБҚ нарығындағы 2016 жылдың басты жетістігі бес жылға дейінгі мерзімге тәуекелсіз теңгемен қарыз алу құны бойынша бенчмаркті құру болды.

### **Шетел валютасының нарығы**

Валюталық спот-нарықтағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 10,5 трлн теңгені құрап, 2015 жылдың нәтижесімен салыстырғанда 2,0 трлн теңгеге немесе 15,8 % азайды. Сауда-саттық көлемінің азаюы жоғарыда сипатталған конъюнктуралық факторлардың ықпалымен орын алды. Осылар 20196 жылы теңгенің долларға қатысты 2,1 %-ға нығаюын бір долларға 333,29 теңгеге дейін қамтамасыз етті.

KASE осы секторында ең көп саудаланатын қаржы құралы АҚШ доллары болып қалады, оның жиынтық сауда-саттық көлеміндегі үлесі 99,2 % құрайды. Өтімділік бойынша екінші орында Ресей рублі болып табылады, оның айналымдағы үлесі 0,6 % құрады. Мұндағы белсенділік те бәсеңдеген (бірақ көлемдердің теңгемен көрсетсе – өсті), дегенімен, долларға қарағанда едәуір азырақ. Мұның себебі Ресей мен Қазақстанның арасында тауарлық айналымның 20 %-ға кемуінде.

Номиналды көрсетілімде биржалық сауда-саттықта теңге рубльге қатысты 18 % жоғалтты, ал жылдың бір қызықты ерекшелігі рубльдің теңгеге бағамының соңғы екі айда елеулі өсуі болды.

Мәскеу биржасы мен KASE-дегі "рубль/теңге" валюталық жұбының нарықтарын салыстыру нәтижесі бойынша Мәскеудегі теңгені рубльге сату белсенділігі 2016 жылдың екінші жарты жылдығында айтарлықтай төмендеп, ал Алматыда рубльдің теңгеге саудасы кері тенденция байқалды. Мұндағы белгілі рөлді осы валюталық жұппен жасалатын операциялардың халықаралық нарықтан рубльдің негізгі маркет-мейкерімен KASE-ге ауыстыру болды, бұл рөлді Қазақстан қор биржасында "Сбербанк России" АҚ ЕБ атқарады. Осыға қоса KASE-де екінші маркет-мейкердің – Еуразиялық банктің пайда болуы да ықпал етті. Барлығы 2016 жылдың қорытындысы бойынша KASE-дегі осы валюталық жұптың сауда-саттық көлемі MOEX-тегі тиісті сауда-саттық көлемінен 587 есеге асты.

2016 жылы юань нарығында басқа валюталарға ұқсаған жоқ. Баптамның динамикасы, рубльге қарағанда, долларға көбірек ұқсады, себебі теңге юаньға қатысты 5,8 %-ға нығайды, ал сауда-саттық белсенділігі өсуін жалғастырды. KASE-дегі юаньмен жасалған операциялардың көлемі 2016 жылы 89 %-ға өсті. Биржадағы юаньмен сауда-саттық белсенділігінің өсуіне екі фактор көмектесті – екі елдің арасындағы тауар айналымның өсуі және қаржы құралы бойынша Биржа үшін ерекше маркет-мейкерлер санының көптігі, осылардың санын есептік жылда Алматыдағы Қытайдың Сауда-өнеркәсіп банкі толықтырып, осы валютаның биржадағы төртінші маркет-мейкері болды.

### **Валюталық своп нарығы**

Своп-нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 2016 жылы 28,1 трлн теңгеге немесе 52,3 % төмендеп, 25,6 трлн теңгені құрады. Өткен жылмен салыстырғанда спот-нарықтағы жағымды тенденциялар тұсында және Ұлттық Банктің ақша-несиелік саясатының имплементациясы нәтижесінде, бір күндік валюталық своптар бойынша мөлшерлемелер 01 қаңтарындағы жағдай бойынша жылдық 79,6 %-дан жылдың соңында жылдық 6,4 % төмендеді. Валюталық бағамның тұрақтауына байланысты қатысушылардың теңгелік өтімділікке мұқтажы елеулі азайып, репо нарығымен толық мөлшерде қанадаттандырылды, бұл осы сегменттегі белсенділіктің күрт құлауын түсіндіреді.

### **Репо операцияларының нарығы**

Мұндағы сауда-саттық көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 33,9 трлн теңгеге немесе 2,5 есеге өсіп, 57,1 трлн теңгеге жетті. Теңгелік өтімділіктің нарықта 2015 жылы және 2016 жылдың қаңтар айында байқалған дефициті, профицитпен ауысып, ал репо нарығы несиелік тәуекелі минималды қысқа теңгелерді орналастыру орнына айналды.

### **Өзекті жобалар мен іс-шаралар**

2016 жылдың маусым айында "Акциялар" секторының екінші санатына "Ақтөбе металлды конструкциялар зауыты" АҚ жай акциялары енгізіліп, IPO нәтижесінде компания 800,0 млн теңгені тартты. Жазылым барысында жиынтық сұраным 2 975,3 млн теңгеге жетіп, ұсынымнан 3,7 есеге асты. Брокерлік компаниялар тарапынан сұраным 71,4 млн теңгені (ұсынымнан

8,9 %), заңды тұлғалар – 101,2 млн теңгені (ұсынымнан 12,7 %) және жеке тұлғалар – 2 802,7 млн теңге (ұсынымнан 350,3 %) құрады.

KASE 2016-2018 жылдарға даму Стратегиясының өзекті мақсаттарын іске асыру шегінде есептік жылда клиенттерге бағдарлануды арттыру және Биржаның имиджін жақсарту бойынша, KASE жинақтаған тәжірибесінің сабақтастығын, жоғарғы кәсібилікті, динамикалықты, инновацияларға ашықтықты және Биржаның технологиялыққа ұмтылысын білдіретін, KASE ребрендингті өткізілді. Жаңартылған брендті қолдау үшін бірқатар іс-шаралар өткізіліп, бірінші қатарда Биржаның интернет-сайтының бастапқы beta.kase.kz мекен-жайы бойынша бета-нұсқасының іске қосылуы жарияланды.

KASE жаңа интернет-сайтының ерекшелігі KASE және TradingView Inc. (АҚШ) арасында қосылған брендинг туралы келісімін жасаумен, қаржылық әлемде танымал болған TradingView (<https://ru.tradingview.com/>) биржалық графиктер сервисін (кітапханалар) қолдану болып табылады.

Есептік жылда ірі кәсіпкерлер болып табылатын листингтік компаниялардың тез әрі арзан қысқа мерзімді қаржыландыруға қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында Қазақстан қор биржасында "Коммерциялық облигациялар" секторы енгізілді. Осындай облигациялар үшін Ұлттық Банкте жылдамдатылған тіркеу процедурасы және листингтің жеңілдетілген процедурасы, сондай-ақ аздаған листингтік алымдар қарастырылды. Қараша айында осы секторда бірінші қаржы құралдарын орналастыру жүзеге асырылды – "ПАВЛОДАРЭНЕРГО" АҚ және "СЕВКАЗЭНЕРГО" АҚ, ал желтоқсан айында "Искомтранс" ЖШС облигациялары орналастырылды. Орналастырулардың нәтижелері жоғарыда келтірілген.

Жыл барысында KASE тұрғындардың арасында қор нарығы және оның мүмкіндіктері туралы ақпараттандырылуын арттыруға бағытталған, іс-шаралар өткізуді әрі қарай жалғастырды. 2016 жылдың мамыр айында Invest Show өткізіліп, соның барысында түрлі деңгейдегі 44 компания өзінің бизнес-жобаларын капитал тарту мақсатында әлеуетті инвесторларға ұсынды.

"Атамекен" ҰКП ынтымақтастық шегінде 2016 жылдың басынан бастап барлық облыстардың, соның ішінде Алматы және Астана қалаларының кәсіпкерлері үшін 12 аймақтық іс -шара өткізілді. Осы іс-шаралардың мақсаты кәсіпкерлер мен аймақтардағы бизнестің жетекшілеріне қор нарығы арқылы қосымша қаржыландыру алу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру болды.

2016 жылдың соңында KASE акциялар нарығындағы бөлшек инвесторлардың арасында байқау өткізді. Байқауға 1 046 адам – жеті брокерлік компанияның клиенттері қатысты. Байқау барысында қатысушылардың жасасқан мәмілелерінің жалпы көлемі 753 млн теңгеден асты, ал мәмілелердің саны 3 358 жетті, бұл KASE Индексінің акцияларымен осы кезеңде Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелердің жалпы санынан 42 % артты.

## **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

*Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)*